

**Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің онлайн форматта
өткізілген отырысының
№ 5 хаттамасы**

Астана қ.

2025 жылғы 29 желтоқсан

Төрағалық етті:

Муханбетов Асет Гарифуллейович,
Техникалық және кәсіптік білім
департаментінің директоры,
республикалық оқу-әдістемелік кеңес
төрағасының орынбасары

Күн тәртібі:

1. Инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудағы кластерлік тәсіл.
2. Білім беру бағдарламаларының жоғары біліммен сабақтастығын және синхрондалуын қамтамасыз ету үшін ТЖКББ оқыту нәтижелерін тану тетігін қарау.
3. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарын және жұмыс оқу бағдарламасын әзірлеу бойынша Әдістемелік ұсынымдар.
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің педагог қызметкерлеріне арналған авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша Әдістемелік ұсынымдар.
5. РОӘК жанындағы Сараптама кеңесі қызметінің 2025 жылдағы қорытындысы.
6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бойынша РОӘК-тің 2026 жылға арналған жұмыс жоспары.

Шешім:

1. РОӘК отырысында сөз сөйлегендердің Еслямова А.К., Жумабекова М.О., Даирбекова А.Е., Зубкова Ю.В., Капанова И.Х., Биекова Б.У. ақпараттары назарға алынсын.

2. Облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары колледждерді инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудағы кластерлік тәсіл туралы хабардар етсін.

2.1. Облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының оқу-әдістемелік кабинеттері, сондай-ақ бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер инженерлік-техникалық кадрларды даярлауда кластерлік тәсілді енгізуді қамтамасыз етсін.

3. Мақұлдансын және бекітілсін:

3.1. Білім беру бағдарламаларының жоғары біліммен сабақтастығын және синхрондалуын қамтамасыз ету үшін ТжКББ оқыту нәтижелерін тану тетігі бойынша Әдістемелік ұсынымдар.

3.2. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарын және жұмыс оқу бағдарламасын әзірлеу бойынша Әдістемелік ұсынымдар.

3.3. ТжКББ педагог қызметкерлеріне арналған авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша Әдістемелік ұсынымдар.

3.4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бойынша РОӘК-тің 2026 жылға арналған жұмыс жоспары.

4. «Talar» КАЕҚ ағымдағы жылдың 27 ақпанына дейін Сараптамалық кеңеспен қарастырылған авторлық бағдарламалар мен оқу-әдістемелік материалдарды қайта қарастырсын.

**РОӘК төрағасының орынбасары,
Техникалық және кәсіптік білім
департаментінің директоры**



А. Мұханбетов